

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының
Әдіскері: А.Ә.Жақсылықова

Ортаңғы «Толағай» тобы «Бесікке салу»



Тәрбиешілер: Әміреева Алтын
Утеова Меруерт

Өткізілген уақыты: 19.03.2024 ж
Таушық ауылы

Тақырыбы: «Бесікке салу»

Мақсаты: Сәби тәрбиесіне арналған салт-дәстүрлермен таныстыру. Қазақ отбасының тәрбие жөнінде ерекшеліктерімен танысу, халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлерді құрметтеуге баулу.

Тәрбиеші: Армысыздар, ата аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен наурыз тойымызда келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын!

Наурыз-«жаңа күн» деген сөз. Бұл күн біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жылбасы мерекесі. Ұлыстың ұлы күні деп аталған наурызда денсаулықтарыңыз мықты, тілектеріңіз қабыл болсын! Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен Наурыз жыл басы болып саналады.

Осы көктемнің мерекесіне арналған әнімізді шырқап берейік.

Ән: «Наурыз көктем»

Тәрбиеші: Балалар біздер Ұлыстың ұлы күні ақ бата алып, шашу шашатын кім екенін білесіңдерме?

Балалар: Қыдыр ата мен Наурыз әже.

Тәрбиеші: Ендеше ортаға ақ батасын беруге Қыдыр атамизбен Наурыз әжемізді шақырайық!

Қыдыр ата:

Сұрасаң бата берейін

Үстем болсын мерейің.

Ықыласпен қол жайсаң,

Ақ тілекті төгейін.

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын.

Қайда барсаң жол болсын.

Ұлыс бақты болсын.

Төрт түлік ақты болсын! (Әмин!)

Тәрбиеші: Қыдыр ата мен Наурыз әже ортаға жайғасыңыздар! Бүгін біздің Күншуақ балабақшасында үлкен той болғалы жатыр, бірге тойлаңыздар.

Қыдыр ата: Наурыз әже: Жарайды құрметтеп төрге шығарғандарыңа рахмет!

Балалардың тақпақтары:

Динара: Жылдың басы Наурыз.

Жердің басы Наурыз

Мерекеге арналсын.

Бүгінгі жыр-әніміз.

Аянат:

Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме

Байлық, бақыт тілеймін.

Бүкіл қазақ еліне.

Айым:

Көктем келді балақай.

Жасарды жер алақай.

Наурыз тойын тойлайық.

Әсем әнге салайық.

Айдай:

Наурыз тойы тамаша.

Наурыз тойы жаңаша.

Табиғатта тамаша.

Тамылжып тұр жараса.

Тәрбиеші: Ұлттық ойын. «Қыз қуу»

Кішкентай бала қолында қамшысы бар. «Сүйінші,сүйінші сәби дүниеге келді.

Қыдыр ата: Сәбилерің құтты болсын. Баланың бауы берік болсын. Кішкентай сәбиді әкеліңіздер, азан шақырып атын қойайық.

Әже: Сәбиді әкеледі.

Қыдыр ата: Сен наурыз мерекесі күні дүниеге келгесін сенің атыңды «Наурызбай» деп қоямыз дейді.

Енді дүниеге келген сәбиді бесікке салайық. Балалар бесікті жабдығымен әкеле қойыңдар.

Тәрбиеші: Әже бесікке баланы жатқызбас бұрын қандай ырым жасайды?

Әже: Бесікті аластау.

Төсегін жаямыз.

Тыштырма жсау.

Баланы суға түсіру табақтың ішіне күміс салу, 40қасық су құйу.

Баланы бөлеу.

Әлди әнін айтып ұйықтату.

Наурыз әжеге сый сыйапат беру.

Ойын «Орамал лақтыру»

Қыдыр ата: Балалар сендердің бүгінгі өнерлеріңді тамашаладым, үлкен тойдың куәсі болдым, тойларың тойға ұлассын. Халқымыз аман болсын. Сау болың.

Қорытынды: Балалар қазақтың салт дәстүрін толық меңгере алды.



